

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ
8D023 – Тілдер және әдебиет бағытында «6D020500 - Филология» (8D02303 Филология)
мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ жаңындағы 8D023 – Тілдер және әдебиет бағытында «6D020500 - Филология» (8D02303 Филология) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғауға арналған диссертациялық кеңес

Жалпы мәліметтер

ҚР Фылым және жоғары білім министрінің 02 мамыр 2023 ж. № 190 бүйрекінде Alikhan Bokeikhan University «8D023 - Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес ашылды. Диссертациялық кеңес 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін ашық.

Диссертациялық кеңес құрамы Alikhan Bokeikhan University президентінің 2024 жылғы 01 шілде №32 бүйрекімен бекітілген:

«8D023 - Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің құрамы:

1. Тулебаева Куралай Токтаровна, филология ғылымдарының кандидаты – төраға;
2. Картаева Айжан Маратбековна, филология ғылымдарының докторы, профессор – төраға орынбасары;
3. Ергалиева Самал Жанатқызы, филология ғылымдарының кандидаты – кеңес мүшесі;
3. Аитова Жанар Жумабековна, филология ғылымдарының кандидаты – ғылыми хатшы.

1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер

Есеп беріліп отырған мерзімде диссертациялық кеңесте 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғауға қабылдан алу және диссертацияларды қорғату бойынша 5 отырыс өткізілді.

2. Откізілген отырыстар санының жартиясынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты

Откізілген отырыстарға диссертациялық кеңес мүшелерінің барлығы толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

Есеп беріліп отырған мерзімде диссертациялық кеңесте 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша диссертация қорғалды:

1. Акабаева Мадина Отановна – Қазақ инновациялық гуманитарлық-зан университеті, қазіргі Alikhan Bokeikhan University
2. Ахметова Гульнур Серикбековна- Қазақ инновациялық гуманитарлық-зан университеті, қазіргі Alikhan Bokeikhan University

4. Есептік жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға белгіленген болімдер бойынша қысқаша талдау

<i>№</i>	<i>Докторанттың Т.А.Ә.</i>	<i>Диссертацияның тақырыбы</i>	<i>Ғылыми көңесшілері</i>	<i>Ресми рецензенттері</i>
1	Акабаева Мадина Отановна	«Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)»	Отандық ғылыми көңесшілері: Абikenова Гульнат Токеновна – филология ғылымдарының докторы. Сейітова Шынар Ботайқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор Шетелдік ғылыми көңесші: Нергіс Бирай – PhD доктор, Түркия мемлекеті, Памукалле университетінің профессоры.	1.Жиренов Саян Аманжолұлы – филология ғылымдарының кандидаты, «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ профессоры. 2.Ергалиев Куаныш Советұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры.
2	Ахметова Гульнур Серикбековна	«Абай облысы жер-су атауларының лексика- семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)»	Отандық ғылыми көңесші: Сейітова Шынар Ботайқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор. Шетелдік ғылыми көңесші: Мехмет Өлmez – PhD доктор, Түркия мемлекеті, Стамбул университетінің профессоры.	1.Кусманова Кульжибек Аскеновна – филология ғылымдарының докторы, С.Аманжолов атындағы Шығыс Казақстан университеті КеАҚ. 2.Кенжалин Куанышбек Кәрімұлы – PhD доктор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

4.1 Қаралған диссертациялардың тақырыптарын талдау

1. Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)» атты диссертациясының тақырыбы бүгінгі тіл білімі ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне арналған.

Бұл диссертацияда алғаш рет қазақ тіліндегі балаларға арналған медиамәтіндер антропоөзекті парадигма аясында қарастырылып, лингвокогнитивтік аспектіде зерттелді. Балаларға арналған қазақ медиамәтіндерінің түрлері сараланып, жанрлық-тақырыптық топтарға жіктелді, лингвомедиалық ерекшеліктері анықталды. Телебағдарлама мәтіндеріндегі символдар, концептуалды метафоралар, тұрақты тіркестер сияқты когнитивтік бірліктердің қазақ медиабейнесін тұзудегі танымдық қызметі зерттелді. Медиамәтіндерде кездесетін паремиялық бірліктер мазмұнындағы ұлттық код айқындалды.

Алғаш рет балаларға арналған отандық телебағдарламалар мәтініндегі балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін концептілердің менталды сипаты ашылды. Медиамәтіндердегі «балалық шақ», «туған жер», «достық», концептілерінің когнитивтік моделі құрылып, концептлік өрісі айқындалды.

2. Ахметова Гульнур Серикбековнаның «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» атты диссертациясының өзектілігі - Абай облысына қарасты Абай ауданы және Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округі топонимдерінің ономастикалық қеңістігін қалыптастыру.

Бұл зерттеу жұмысы - Абай облысының Абай, Абыралы өңірлерінің топонимикалық жүйесін лексика-семантикалық, сөзжасамдық-құрылымдық, этнолигвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған алғашқы еңбектердің бірі. Кешенді зерттеу барысында төмендегі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді: - Тұнғыш рет өңір топонимдерінің жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйе ретінде арнайы зерттелініп, лингвистикалық тұрғыдан қарастырылды;

- Ғылыми жұмысты жазуға тілдік деректерді қарастыру барысында 1500-ге жуық жер-су атаулары топтастырылып, тілдік тұрғыдан талданды; - Алғаш рет Абай ауданы және Абыралы өңірінің жер-су атаулары топтастырылып, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жіктелді; - Алғаш рет Абай ауданы және Абыралы өңірі жер-су атауларының сөзжасамдық құрылымдық сипаты анықталды; - Абай және Абыралы өңірінің физика-географиялық жағдайларының топонимиялық жүйеде бейнеленуінің ерекшеліктері анықталды; - Абай және Абыралы топонимикалық жүйесіндегі этномәдени факторлардың рөлі айқындалды және оларға сипаттама берілді; - Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіне қарасты топонимдері тілдегі байырғы, көне, орта ғасыр және жаңа дәуірлердегі ұлтілерімен тарихи және лингвистикалық тұрғыдан салыстыру арқылы тарихи және географиялық негіздері айқындалды; - Абай және Абыралы өңірлерінен алғаш рет жинақталған тілдік материал аталған өңірлердің топонимикалық сөздігін жасауға негіз болды.

4.2 Диссертация тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20 - бабының 3-тармагының 2 тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындалған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

1. Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми - техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді және ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасын орындауға арналған.

2. Ахметова Гульнур Серикбековнаның «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми - техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді: 7) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 8) «Әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер».

4.3 Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметкө ену деңгейін талдау

1. Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспекті (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)» атты диссертациясында алынған нәтижелері мен қорытындыларын «Медиалингвистика» саласындағы ғылыми зерттеулер жасауға, жоғары оқу орындарында «Медиалингвистика», «Когнитивті лингвистика», «Мәтін лингвистикасы» сияқты курстарды жүргізуге және оқу құралдарын жазу барысында қолдануға болады.

2. Ахметова Гульнур Серикбековнаның «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдың округі материалдары негізінде)» атты диссертациясындағы материалдар аймақтық топонимикалық зерттеулерде, түркі және шет тілдеріндегі топонимия бойынша салыстырмалы жұмыстарда, топонимикалық экспедицияларда географиялық атауларды жинау кезінде, топонимикалық сөздіктер мен атластарды құрастыру кезінде, Абай облысы топонимикасы бойынша арнайы курстар мен қазақ тілі тарихы мәселелері бойынша арнайы семинарлар әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінише сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)

1. Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспекті (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)» атты диссертациясына диссертациялық кенес тарапынан ұсынылған рецензенттер: Жиренов Саян Аманжолұлы – филология ғылымдарының кандидаты, «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ профессоры. Мамандығы: 10.02.02 – қазақ тілі. Ерғалиев Куаныш Советұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры. Мамандығы: 10.02.02 – қазақ тілі. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми–зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірибелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

2. Ахметова Гульнур Серикбековнаның «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдың округі материалдары негізінде)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына диссертациялық кенес тарапынан ұсынылған рецензенттер: Кусманова Кульжібек Аскеновна – филология ғылымдарының докторы. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КеАҚ. Мамандығы: 10.02.02 – қазақ тілі. Кенжалин Куанышбек Кәрімулы – PhD доктор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Мамандығы: 10.02.02 – қазақ тілі. Ресми рецензенттер зерттеу жұмысының өте жоғары деңгейде орындалғанына баса назар аударып, болашақта ғылымға қосылған тың зерттеулер катарын толықтыратындығын атап өтті. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми–зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірибелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерін Қазақстандағы Рухани жаңғыру, Елдің

зияткерлік әлеуеті міндеттерін орындауга бағыттау;

Ғылыми кадрларды дайындауда ғылыми-зерттеу нәтижелерінің жариялану деңгейін арттыру.

7. 6D020500 - Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты болінісіндегі саны:

1. Коргауға қабылданған диссертациялар – 2

(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан – 0)

2. Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар – 0

Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастагандары – 0

3. Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар – 0

(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан) – 0

4. Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар – 0

(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан – 0)

5. Пысықтауға жіберілген диссертациялардың жалпы саны – 0

(Оның ішінде басқа оқу орындарынан – 0)

6. Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар саны – 1

(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан – 0)

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі - Комитет) 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Г.С. Ахметованың аттестациялық ісі бойынша: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бүйробымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларының 6-тармағы бойынша докторанттың мақалалары сәйкес келмегендіктен Сараптау кеңесінің шешімі негізінде Комитет төрағасының 2024 жылғы 10 қыркүйектегі №810 бүйробымен Г.С. Ахметованың 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясы қайта қорғауға жіберілгені жөнінде шешім шығарылды.

Диссертациялық кеңес төрағасы Тулебаева К.Т.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Аитова Ж.Ж.

«5» қаңтар 2025 жыл

